

Қазақстан Республикасында спортпен шұғылдану кезінде және үйрену мақсатында қаруды қолданудың ережесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 31 қазан N 1636. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 11 тамыздағы № 670 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.08.2023 № 670 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында спортпен шұғылдану кезінде және үйрену мақсатында қаруды қолданудың ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары заңнамада белгіленген тәртіппен өздерінің қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 31 қазандағы
N 1636 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында спортпен шұғылдану кезінде және үйрену мақсатында қаруды қолданудың ережесі

Осы Ереже "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңының 18-бабының 6-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді.

Осы Ереже спортпен шұғылдану кезінде және үйрену мақсатында қаруды қолданудың тәртібін реттейді.

1. Жалпы ережелер

1. Тирлерде, атыс жүргізетін арнайы орындарда және атыс стендтерінде ірі калибрлі, кіші калибрлі, пневматикалық және стендті қарудан атыс, егер оларды ашуға және жұмыс істеуіне ішкі істер органдарының рұқсаты болған жағдайда жүргізілуі мүмкін.

2. Тирлерде, атыс орындарында және атыс стендтерінде атыс жүргізу спорт жұмысының жоспары (күнтізбелік жоспары) немесе сабақ кестесі бойынша қатаң, тек үйрету және/немесе спорт ұйымдары (бұдан әрі - ұйымдар) басшыларының өкімімен жүргізіледі.

3. Оқ ату және стендтік атыс бойынша республикалық, облыстық, аудандық, қалалық барлық жарыстар, сондай-ақ разрядтық нормаларды тапсыру жөніндегі біліктілік жарыстары тек төрешілер алқасының басшылығымен өткізіледі.

Төрешілер алқасының құрамын жарысты өткізуші ұйымның басшысы бекітеді. Төрешілер алқасы өз жұмысын осы ереженің талаптарына және жарыс ережелеріне сәйкес ұйымдастырады. Бас төреші жарыстардың басшысы болып табылады, олардың өткізілуін қамтамасыз етеді және жарысқа қатысушылардың ережелерді және атыс кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтауына жауап береді.

4. Барлық оқу-жаттығу атыстарын (спортшылардың жарыстарға дайындығы, секциялар мен оқу топтарындағы практикалық сабақтар, разрядтық нормаларды тапсыру дайындығы бойынша жаттығу атыстары) атыс жетекшілері жүргізеді.

5. Атысты басқаруға штаттағы жаттықтырушылар, жаттықтырушы-ұстаздар, нұсқаушы-әдіскерлер, нұсқаушылар жіберіледі. Ұйымдар басшылары атыс жетекшілерімен қауіпсіздік шаралары мен ережелері бойынша жүйелі нұсқау өткізеді, содан соң нұсқау алғандар нұсқау беруді тіркеу журналына қол қояды. Қоғамдық жаттықтырушылар (нұсқаушылар) атыс жетекшілігіне рұқсат алу үшін қоғамдық кадрларды даярлау бағдарламасы бойынша белгіленген тәртіппен оқу курсынан өтіп, сынақ тапсырулары тиіс, соның нәтижесінде қоғамдық жаттықтырушы (нұсқаушы) атағы және куәлігі беріледі.

Атысушылардың атыс кезінде ереже мен қауіпсіздік шараларын сақтауына ұйымдар мен атыс басшылары жауап береді.

6. Атыс жетекшілерінің тізімі сабақ кестесіне сәйкес жасалады және оны ұйымдардың бірінші басшылары бекітеді.

7. Тирлерге, атыс алаңдарына және атыс стендтеріне штаттағы қызметкерлерді, спорт клубының мүшелерін және атыс жетекшілерін өткізу рұқсат қағазы бойынша, ал атушы спортшыларды - атыс орнын жалға алған ұйымдардың әкімшілігі растаған тізім бойынша, жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсеткен кезде жүргізіледі.

8. Қаруды қоймадан беру қаруды уақытша пайдалануға беру кітабы бойынша жүргізіледі.

Қаруды алып кіру (алып шығу), оның ішінде жалға алған ұйымдарда, ішкі істер органдарының нұсқаулықтарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

9. Атыс жетекшісіне жаттығу атыстары мен жарыстарды өткізуге арналған патрондарды беру қоймадан оқ-дәрілерді үлестіру-тапсыру ведомосы бойынша жүргізіледі.

10. Сабақтарды өткізу үшін алынған қару мен пайдаланылмаған патрондар, қоймаға оларды берген күні қайтарылуы тиіс. Қару мен патрондарды алған сабақтардың (атыстардың) жетекшісі олардың сақталуына дербес жауап береді.

11. Тирлерде, атыс жүргізетін орындарда, атыс стендтерінде, атыс жүргізу кезінде жетекшіден басқа, қарулар мен оқ-дәрілердің сақталуын және қауіпсіздік шараларының сақталуын қадағалайтын, атыс шебі бойынша кезекші тағайындалады.

Атыс шебі бойынша кезекші штаттағы қызметкерлердің немесе дайындығы мейлінше шындалған атқыштар командасы қатарынан тағайындалады, атысты жүргізуші атыс басшысына бағынады, атыс шебінде қарулар мен оқ пен оқ-дәрілердің сақталуына жауап береді және өз әрекеттерімен атыс жетекшісіне көмектеседі.

12. Қаруды тазалау және оны атысқа дайындау кезекшінің қадағалауымен арнайы бөлінген жерде өткізілуі тиіс.

13. Басқа елді мекендер пункттерінің қатысуымен жарыстарды, жаттығу жиындарын өткізу кезінде, олар өтетін жерлерде іс-шаралар жетекшілері қарулар мен оқ-дәрілердің уақытша сақталуын ұйымдастырады. Бұл мақсат үшін қарулар мен оқ-дәрілерді сақтау үшін белгіленген, талаптарға жауап беретін, тұрақты жабдықталған үй-жайлары пайдаланылады.

14. Жиындарды немесе жарыстарды өткізуші ұйым өзінің бұйрығымен қарулар мен оқ-дәрілердің сақталуына дербес жауап беретін адамды тағайындайды.

2. Қауіпсіздік ережелері мен шаралары

15. Атыс кезіндегі қауіпсіздік оның барлық қатысушыларының жоғары тәртібімен, атыстың жіті ұйымдастырылуымен және белгіленген қауіпсіздік ережелері мен шаралардың дәл сақталуымен қамтамасыз етіледі.

Осы Ереже негізінде, әрбір тирде (атыс алаңында, атыс стендісінде) жергілікті жағдайлар мен олардың ерекшеліктері ескеріле отырып, атысқа қатысушылардың барлығы жақсы білуі және орындауы тиіс қауіпсіздік ережелері мен шаралары жөніндегі нұсқаулық әзірленеді және көрнекі жерге ілінеді.

16. Тирде (атыс алаңында, атыс стендісінде) атқыштар мен маңындағы адамдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі, сондай-ақ оқ атылатын аймаққа адамдар мен жануарлардың өтіп кету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

17. Қарулардың материалдық бөлігін меңгермеген атушылар, оны қолдана алмайтындар және қауіпсіздік шаралары мен ережелерін білмейтіндер атуға жіберілмейді.

18. Тирде, атыс алаңында, атыс стендісінде барлық пәрмендерді атыс басшысы немесе төрешілер алқасы береді.

Атуды жүргізуге "дайындал" деген пәрмен берілгеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

Қаруды оқтау (және 25 м қашықтықтағы атыста тапанша оқ-жатардан оқ алуға) сілтемемен бөлінген позицияда және "оқта" деген пәрменнен кейін рұқсат етіледі.

Атыс аяқталғаннан кейін "тоқта", "оқты ал" деген пәрмендер бойынша қарудан оқ алынады, содан кейін атқыш "қарудан оқ алынды" деп баяндайды. Одан соң қару тексеріледі, пайдаланылмаған патрондар атыс басшысына қайтарылады.

19. Атыс аймағында адамдардың немесе жануарлардың пайда болуы кезінде әрбір атқыш пәрмен бойынша немесе өз бетімен оқ атуды дереу тоқтатады.

20. Атыс шебінен тыс жерлерде кез келген қару қаптамада, орамда немесе қорапта (жәшікте) болуы тиіс, стенділік қару жинаулы күйде, ал жартылай автоматтылар оқтығы ашық күйде болуы тиіс. Қаруды орамнан, қаптамадан шығаруға тек атыс шебінде ғана рұқсат етіледі, сонымен бірге винтовкаларды қатысушылар атыс шебіне шақырылғаннан кейін, ал тапаншаларды (револьверлер) - тек "дайындал" деген пәрменнен кейін ғана шығаруға болады.

Атыс алаңдарының пирамидаларында тұрған стенділік қарудың оғы алынуы тиіс. Стенділік мылтықтар тек атыс орындарында ғана оқталады және оғы алынады, бұл ретте ұңғылары атыс аймағына бағытталуы тиіс.

21. Траншеялық стендтегі атқыш сол жағындағы атқыш атуға дайындалғаннан кейін ғана мылтықты жаба алады. Атқыш бір жердегі ату орнынан екінші жерге мылтықты ашық түрде, ал автоматты мылтықты - оғы алынған, ұңғысы жоғары көтерілген күйде көшуі тиіс. Атқыш бесінші атыс орнынан бірінші орынға ауысуы кезінде мылтық ағытылуы керек, патрондар мен гильзалар одан алынуы тиіс.

22. Жартылай автоматтандырылған қаруларды екіден көп емес оқпен оқтауға болады.

Винтовканы (тіпті егер оның оқжатары болғанда да) бір ғана патронмен оқтауға болады.

Тапаншаны (револьверді) бестен аспайтын патронмен оқтауға болады.

23. Жаттығуларды орындау кезінде және дайындық кезінде атқыштың патрон мен оқжатар алынғаннан кейін ғана қаруды ұңғысын оқ бағытына қаратып қоюына (қолынан шығаруына) болады (винтовка немесе стенділік қару пирамидаға қойылады). Бұл ретте винтовкалар мен тапаншалардың оқтамалары ашық болуы тиіс, ал пневматикалық қарудың қозғағыш тетігі немесе оқ қабылдағышы ашық болуы тиіс.

Атыстың барлық түрлері бойынша жаттығулар орындау кезінде қару атыс шебінен тек атыс жетекшісінің немесе төрешінің рұқсатымен ғана шығарылады.

24. Егер атыс аймағында кенеттен адамдар, жануарлар пайда болса немесе қауіпті жағдай туса, атыс шебінің жетекшісі немесе төрешісі "тоқта" және "оқты ал" деген пәрмендер беру арқылы атысты тез арада тоқтатуға міндетті.

25. Жаттығуда соңғы рет атқаннан кейін (немесе "тоқта" және "оқты ал" деген пәрмендер берілгеннен кейін) атқыш тез арада қарудан оқты алуы тиіс және өзінің атыс орнынан кетпей, атыс жетекшісіне және төрешіге оқтығы ашылған қаруды, оның оғы алынғанына көз жеткізу үшін ұсынуы керек.

26. Мыналарға:

атыс үшін ақауы бар қару беруге;

атыс шебінен тыс тұрып атысқа дайындалуға және нысанаға немесе басқа да заттарға көздеуге;

атыс жетекшісінің немесе төрешінің рұқсатынсыз атыс шебінде қаруды оқтауға немесе атуға;

қарумен кез-келген қимыл жасағанда (атыс кезінде, қайта оқтау кешігу, атылмай қалуы және т.б.) қаруды атыс шебінен басқа жаққа бұруға;

атыс аймағында адамдар немесе жануарлар болған кезде қаруды ұстауға;

ақауы бар қарудан оқ атуға;

атыс шебінен оқталған қаруды немесе құлыпты жабық қалдыруға;

қаруды қараусыз қалдыруға атқыш қарамағындағы қаруды оның рұқсатынсыз қолға алуға немесе ұстауға;

оқталған қаруды атыс шебінен алып шығуға;

жаттығуды орындауға жатпайтын заттарды (раманы, тросты, жабдықтарды, жалаушаны, қалқанның нөмірлерін және т.б.) атуға;

стенділік мылтықтарда иыққа асатын белбеудің болуына;

жабық стенділік мылтықты көрермендерге қарай бұруға, сондай-ақ мылтықтан патрондар мен атылған гильзаларды шығармай ату орнынан кетуге;

басқа бір атқыштың нысанасын көздеуге және оны атуға, атыс шебінде пайда болған құстар мен жануарларды атуға;

жабық стенділік мылтықпен атыс алаңынан тыс жерде жаттығуға тыйым салынады.

27. Атыс үзілген жағдайда (техникалық және басқа да себептермен) барлық атқыштардың мылтықтары ашық болуы тиіс.

Мылтықты тек атыс жетекшісінің немесе төрешінің рұқсатынан кейін жабуға болады.

3. Атысты басқаратын және атысқа қызмет көрсететін адамдардың міндеттері

28. Атыс жетекшісі немесе төреші тирде, атыс алаңында және атыс стендісінде атысқа қатысушылардың белгіленген тәртіппен жүргізілетін жаттығулар шарттарын, сондай-ақ қауіпсіздік ережесі мен шараларын дәл орындауына жауап береді. Оған атысқа қызмет көрсететін барлық адамдар бағынады.

29. Атыстың жетекшісі (жарыстың бас төрешісі):

1) атыс басталар алдында:

нысана жабдықтарының атыс шартына сәйкестігін тексеруге, сондай-ақ блиндаж жұмысының беріктігі мен аралық жабудың жөнделуін, блиндажбен байланыстың болуын тексеруге;

оқ шебі бойынша кезекшіні тағайындауға, қажет болғанда қоршауды тағайындауға, оларға нұсқау беруді және олардың өз міндеттерін бұлжытпай орындауын қадағалауға;

қару мен оқ-дәрілерді қоймадан қол қойып алуға;

атыс жүргізу кезінде атқыштардың қауіпсіздік ережелері мен шараларын білуін тексеруге;

атқыштардың ауысымдарының есебін жүргізуге, атыс шебіне кезекті ауысымды шақыруға;

атпайтын ауысымдарға күтуге арналған орынды көрсетуге (атыс орнында-атыс шебінен кемінде 20 метр жерде);

тирдің, атыс орнының, атыс стендісінің дайындығына, оқ ату аумағында адамдардың, жануарлардың жоқ екеніне, сондай-ақ атқыштардың атысқа дайындығына көз жеткізгеннен кейін атысқа кірісуге пәрмен беруге міндетті.

2) атыс уақытында:

атысқа жетекшілік етуге және атыс нәтижелерінің есебін жүргізуге;

атқыштарға атыс шебінде патрондар беруге және патрон шығысының есебін жүргізуге;

атқыштардың атыс ережелері мен қауіпсіздік шараларын сақтауын қамтамасыз етуге;

атыс шебінде атушы ауысым атқыштарынан басқа бөтен адамдардың болмауын қадағалауға;

жаттығу орындауды аяқтаған әрбір атушы ауысым атқыштарының қаруын тексеруге және қарудан оқтың алынғанына көз жеткізуге;

атқыштар қауіпсіздік ережелері мен шараларын бұзғанда, атыс шебі аймағында адамдар немесе жануарлар пайда болған кезде тез арада атысты тоқтатуға бұйрық беруге міндетті.

3) атыс аяқталғаннан кейін:

қару оғының алынғанын тексерісте және онда патронның қалмағанына көз жеткізуге;

қаруларды тазалауды ұйымдастыруға;

қаруды және пайдаланылмаған оқ-дәрілерді қоймаға тапсыруға міндетті.

4) күтпеген жағдайларда:

егер атқыштар, команда өкілдері немесе бапкерлер спорттық емес мінез-құлықтар танытса, олар жарыстардың тәртібін және осы Ереженің талаптарын бұзса, атқыштарды атысқа қатысудан аластауға, сондай-ақ тирден, атыс алаңынан, атыс стендісінен тысқары жерге шығарып жіберуге;

аттыс уақытында болған жазатайым оқиғалары кезінде атысты дереу тоқтатуға бұйрық беруге, зардап шегушіге медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға, жақын арадағы дәрігерлік тірекке, жоғары тұрған ұйымдарға және ішкі істер органдарына хабарлауға міндетті.

30. Оқ ату шебі бойынша кезекші:

1) атыс басталар алдында:

аттыс жетекшісінен оқ ату шебіндегі қару мен оқ-дәрілерді қол қойып қабылдап алуға;

сол қолына қызыл қолбелгісін тағуға міндетті;

2) атыс уақытында:

оқ ату шебінен кетпеуге және алған қаруларды, оқ-дәрілерді және атқыштардың қауіпсіздік шараларын сақтауын қадағалауға;

аттыс жетекшісінің рұқсатынсыз оқ ату шебіне бөтен адамдарды жібермеуге міндетті;

3) атыс аяқталғаннан кейін:

жетекшіге алған қару мен қалған оқ-дәрілерді тапсыруға;

аттылған гильзаларды жинауға және оқ ату шебін тәртіпке келтіруге міндетті.

4. Ұйымдар басшыларының жарыстар мен оқу-жаттығу атыстарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен шараларын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

31. Ұйымдар басшылары жарысқа қатысушылардың жарыстар мен оқу-жаттығу атыстарының белгіленген қауіпсіздік ережелері мен шараларын дәл орындауына жауапты болады.

32. Ұйымдар басшылары-атыс өткізудің ұйымдастырушылары:

тирлерді, атыс алаңдарын және атыс стенділерін атқыштар мен маңайдағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттарына сәйкес жабдықтауға және оқ ату аумағына адамдар мен жануарларды өткізбеуге;

тирдің (атыс алаңы, атыс стенділері) ерекшеліктерін ескере отырып және осы Ереженің талаптарына сәйкес атыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен шаралары туралы нұсқаулықтың әзірленуін және оның көрнекі жерге ілініп қойылуын, штаттағы қызметкерлердің және атысқа жіберілген басқа ұйымдар адамдарының оларды қатаң түрде орындауын қамтамасыз етуге;

күзетілетін объектінің (тир, атыс алаңы, атыс стенді) ерекшеліктерін ескере отырып, өткізу және объект ішіндегі режимнің әзірленуін және оның қатаң орындалуын;

қаруды, оқ-дәрілерді, нысана жабдығы мен приборларды оңды күйінде ұстауға;

әрбір атыс алдында атыс жетекшілеріне, жарыстың төрешілеріне нұсқау беруге, нұсқау берілгенін тіркеу журналын жүргізуге;

тирлерді, атыс алаңдарын және ату стенділерін атысқа дайындауға;

зардап шеккендерге көмек көрсетілуін және атыс жетекшілері мен төрешілерінен қауіпсіздік ережелері мен шараларының қатаң сақталуын талап етуге;

оқ ату және стенділік атыс бойынша жарыстар ережесі мен осы Ереженің талаптарын қатаң орындауға;

жаттығулар, жарыстар өтетін жерлерде атысқа қатысушыларға алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге арналған жинақталған қобдишаның және телефонның болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Оқығандар: Багарова Ж.А. Икебаева .Ж.